



Ғылыми мақала / Research Article

MFTAP / IRSTI 67.07.29

<https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-153-4-45-58>

Two Chagatai Mausoleums in the Trans-Ili Alatau (Based on Archaeological Research)

O. Oshanov 

Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan

 dadan_@mail.ru

Abstract. The article talks about two medieval mausoleums in Ili Alatau (Trans-Ili Alatau), the images (drawing of one and photograph of the second) of which, dating from the beginning of the 20th century, were accidentally published in the book. Until now, these mausoleums have not attracted the attention of researchers. The article provides an architectural description of mausoleums, describes their similarity to each other, and provides a comparative analysis with other mausoleums in neighboring regions, such as the mausoleum of Tugluk Timur and Kumbaz Manas. It has been established that both mausoleums belong to the same architectural style; the features of their construction are compared with similar monuments of the Golden Horde era. The medieval Chagatai mausoleums of Tekturmas and Dauitbek in the city of Taraz are described. The study of both mausoleums makes a great contribution to the study of the medieval architecture of the region. These mausoleums not only fill in the gaps in the study of the medieval period of the region, but at the same time prove the existence of their own traditions in the Chagatai architectural art. The influence of the Chagatai mausoleums of the region on the Kazakh funerary architecture has also been established. In particular design of local tomb structures was influenced by Chagatai mausoleums, leading to the emergence of portal-dome structures. However, the impact of this phenomenon was not found to be considerable. The presence of this architectural style was most notable in regions where Chagatai mausoleums were prevalent, while throughout the Ili Alatau, the tradition of constructing multifaceted mausoleums prevailed. The article also discusses the local architectural tradition, typology, and origin of Kazakh tombstones. The grave structures of the Trans-Ili Alatau of the 19th–early 20th century are very diverse. The most common type is simple – shaped tombstone mounds consisting of rounded stones mixed with clay. One of the most common types of burials on the territory of Zhambyl region is large rectangular family fences. With regard to architectural features, the 19th century witnessed the prevalence of rectangular and hexagonal (on occasion, octagonal or heptagonal) mausoleums characterised by domes within the region. A notable example of this architectural style is the prevalence of dome-on-cube mausoleums in the Zhambyl region, which are characterised by a dome resting on a rectangular base. There are also mausoleums with portals, which are clearly visible in photographs from the beginning of the 20th century. Polygonal (or polyhedral) mausoleums are the most widespread in Kegen and Rayymbek districts. Rectangular or hexagonal wooden tombstones are also occasionally found. It is known that many burials built of trees burned down during frequent steppe fires, as information has been preserved among the local population. The polygonality of the Kazakh graves of the Trans-Ili Alatau indicates that they originally had a wooden base.

Keywords: Chagatai Khan; Tuglyk Timur; Manas; Dauytbek; mausoleum; mazar; portal; architecture; Alatau; Taraz

For citation: Oshanov O. Two Chagatai Mausoleums in the Trans-Ili Alatau (Based on Archaeological Research). *Gumilyov Journal of History*. 2025. Vol.153, no.4, pp.45-58. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-153-4-45-58>

Funding. The publication was carried out within the framework of program-targeted financing of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2023–2025, project IRN BR21882346.

О двух чагатайских мавзолеях в Иле Алатау (по материалам археологических исследований)

О. Ошанов

Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье анализируется два средневековых мавзолея, расположенных в Иле Алатау (Заилийский Алатау), изображения (рисунок одного и фотография второго) которых, датируемые началом XX в., были опубликованы в книге. До настоящего времени эти мавзолеи не привлекали внимания исследователей. В статье приводится архитектурная характеристика мавзолеев, описана их схожесть между собой, проведён сравнительно-сопоставительный анализ с другими мавзолеями сопредельных регионов, таких, как мавзолеев Туглук-Тимура и кумбез Манаса. Установлено, что оба мавзолея относятся к единому архитектурному стилю, особенности их конструкции сопоставимы с аналогичными памятниками золотоордынской эпохи. Описаны средневековые чагатайские мавзолеи Тектурмас и Дауитбек в городе Тараз. Изучение обоих мавзолеев вносит большой вклад в исследование средневековой архитектуры региона. Результаты анализа этих мавзолеев не только заполняют пробелы в изучении средневекового периода региона, но и вместе с тем доказывают существование собственных традиций в чагатайском архитектурном искусстве. Также установлено влияние чагатайских мавзолеев региона на казахскую погребальную архитектуру. В частности, чагатайские мавзолеи повлияли на возникновение портално-купольных строений в оформлении местных надмогильных сооружений. Тем не менее это влияние не являлось значительным. Оно было заметным только в регионе распространения чагатайских мавзолеев, тогда как во всем Иле Алатау традиция возведения многогранных мавзолеев не была утрачена. В статье также говорится о своей местной архитектурной традиции, типологии и происхождении казахских надмогильных сооружений. Могильные сооружения Заилийского Алатау XIX – начала XX века отличаются большим разнообразием. Наиболее распространённый тип – это простые по форме надмогильные насыпи, состоящие из округлых камней, перемешанных с глиной. Один из часто встречающихся видов захоронений на территории Жамбылского района – это большие прямоугольные семейные ограды. Если говорить о типах с архитектурными особенностями, то в XIX веке в регионе были распространены прямоугольные и шестиугольные (иногда восьми- или семиугольные) мавзолеи с куполами. Особенно часто встречается в Жамбылском районе тип мавзолея с куполом на прямоугольном основании (купол на кубе). Также встречаются мавзолеи с порталами, что хорошо видно на фотографиях начала XX века. Наиболее широко распространены в Кегенском и Райымбекском районах многоугольные (или многогранные) мавзолеи. Также встречаются изредка прямоугольные или шестиугольные деревянные надгробные сооружения.

Известно, что многие захоронения, сооруженные из деревьев, сгорели во время частых степных пожаров, о чём сохранились сведения среди местного населения. Многоугольность казахских захоронений Заилийского Алатау указывает на то, что изначально они имели деревянную основу.

Ключевые слова: Чагатайхан; Туглык Тимур; Манас; Дауытбек; мавзoley; мазар; портал; архитектура; Алатау; Тараз

Финансирование. Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки МНВО РК 2023–2025, ИРН BR21882346.

Іле Алатауындағы Шағатайлық екі кесене жөнінде (археологиялық зерттеулер негізінде)

О. Ошанов

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада XX ғ. бас кезінде бейнелері (бірі сурет, екіншісі фотография) кездейсоқ кітапқа түскен Іле Алатауындағы екі ортағасырлық кесенелер сөз болады. Бұл кесенелер бұған дейін назардан тыс қалып келген. Кесенелердің архитектуралық сипаты, өзара ұқсастықтары сипатталады. Олардың архитектурасы іргелес аймақтағы Тұғылық Темір, Манас күмбезі секілді басқа кесенелермен салыстыра отырып зерттелінеді. Екі кесененің бір архитектуралық стильге жататыны анықталып, олардың өзіндік ерекшеліктері Алтын Ордалық ескерткіштермен салыстырылады. Ортағасырлық Тараз қаласындағы шағатайлық Тектұрмас және Дәуітбек кесенелерінің архитектуралық сипаты келтіріледі. Екі кесене өлкедегі көне архитектураны зерттеуде қосар үлесі өте маңызды. Бұл кесенелер өлкедегі ортағасырлық кезеңінің ақтаңдағын толтырып қана қоймайды, сонымен бірге зерттеушілер үшін шағатайлық сәулет өнерінің өзіндік ерекшеліктерін дәлелдейді. Сонымен қатар бұл шағатайлық кесенелердің аймақтағы қазақ зираттарына тигізген ықпалы анықталады. Шағатайлық кесенелер жергілікті зираттарда порталды күмбезді құрылыстардың пайда болуына әсер еткен. Дегенмен түбегейлі ықпал ете қоймаған. Шағатайлық кесенелер тұрған өңірде ғана болмаса, Іле Алатауында дәстүрлі көпқырлы мазарлар тұрғызу өз қалпын жоғалтпаған. Мақалада жергілікті қазақ зираттарының да өзіндік архитектурасы, түрлері және олардың шығу тегі сөз болады. Іле Алатауы бойының XIX ғ. және XX ғ. бас кезіндегі зират құрылыстары көп түрлі. Ең көп тараған түрі – пішіні қарапайым ғана келген, саз аралас жұмыр тастардан тұратын қабір үсті үйіндісі. Жамбыл ауданы жерінде жиі ұшырасатын жерлеу түрінің бірі – пішіні төртбұрышты келген, әулеттік үлкен қоршаулар. Архитектуралық сипаты бар түрлеріне келетін болсақ, XIX ғ. өлкеде күмбезді келген төрт бұрышты және алты бұрышты (кейде сегіз, жеті) күмбезді мазарларды айтуға болады. Күмбезді төртбұрышты (куб үстіндегі күмбез) мазар түрінің ең көп тараған аймағы Жамбыл ауданы екені байқалады. Сонымен бірге бұл құрылыстың порталды түрлері де кездеседі. Бұл XX ғ. бас кезіндегі суреттерден жақсы байқалады. Мазардың көпқырлы (немесе көп бұрышты) түрінің кең тараған аймағы Кеген, Райымбек аудандары аймағы. Пішіні төрт бұрышты немесе алты бұрышты ағаштан тұрғызылған зират түрлері де кездеседі. Дегенмен көп емес. Жиі орын алатын дала өрті кезінде ағаш зираттардың жанып кеткені туралы ел арасында мәліметтер сақталған. Іле Алатауы бойындағы қазақ зираттарының көп қырлы келуі түп негізі ағаш болғанын көрсетеді.

Түйін сөздер: Шағатайхан; Тұғылық Темір; Манас; Дәуітбек; кесене; мазар; портал; архитектура; Алатау; Тараз

Сілтеме жасау үшін: Ошанов О. Іле Алатауындағы Шағатайлық екі кесене жөнінде (археологиялық зерттеулер негізінде). *Gumilyov Journal of History*. 2025. Т.153, no.4. 6.45-58. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-153-4-45-58>

Қаржыландыру. Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2023-2025 жж. бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы шеңберінде, IRN BR21882346 жобасы аясында даярланды.

Кіріспе

Іле Алатауы бойындағы қазақ кезеңінің жерлеу ескерткіштері тарих ғылымында толық жүйеленбеген. Бірінші болып бұл тақырыпқа қалам тартқан Ш. Уәлиханов болып табылады. Өкінішке орай бұл тақырып бұдан кейін жалғасын таппады. Осы себепті 2024-2025 жылдары Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының этнархеология тобы осы өлкеде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде өлкенің қазақ ескерткіштеріне байланысты өте мол материалдар жинастырылды. Іле Алатауы, Жетісу бойының сәулет өнерінің бай мұраға ие екендігі анықталды. Зерттеу жұмыстары Іле Алатауындағы қазақ зираттарының біртекті ғана емес, сонымен бірге аймақтық ерекшеліктері белгілі болды. Егер Алматы қаласы төңірегіндегі көне қазақ зираттарында күмбезді келген төртбұрышты пішін басымдыққа ие болса, ал Кеген, Райымбек аудандары аймағында көп қырлы (6, 8 бұрышты) күмбезді мазарлар кең тараған.

Көне қазақ зираттарын зерттеу мақсатында жүргізілген библиографиялық ізденістер, өз кезегінде өлкеде бой көтерген XIV-XV ғғ. (шағатайлық) екі кесенені жарыққа шығаруымызға себепші болды. Шағатай кезеңінің ескерткіштері Жетісу бойындағы өзекті тақырыптың бірі болып табылады. Шағатай кезеңінің сәулет ескерткіштері бізде саусақпен санарлықтай жағдайға ие. Оның ішінде белгілісі Тараз қаласындағы Дәуітбек пен Тектұрмас кесенелері ғана. Сондықтан екі бірдей шағатайлық кесененің анықталуы Қазақстанның ортағасырлық тарихының жарқын бір беттерін ашатыны сөзсіз.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу әдісі қазақ даласына байланысты тарихи еңбектерде көрініс тапқан белгісіз зираттарға арналған. Олардың ортағасырлық ескерткіштер екені құрылыс ерекшеліктеріндегі көне архитектура белгілері арқылы анықталады. Шағатайлық кесенелер, олардың архитектуралық стилі өлкедегі және іргелес аймақтарда орналасқан басқа да ортағасырлық ескерткіштерімен салыстырылады. Шағатайлық кесенелердің өзіндік архитектуралық стилі анықталып, әрі олардың Алтын Ордалық ескерткіштерден өзгешелігі бір-бірімен салыстырмалы түрде беріледі. Далалық зерттеу кезінде этнографиялық және археологиялық барлау әдістемелері қолданылды.

Этноархеологиялық зерттеулерде этнографиялық әдістемелер қолданылады, яғни сұқпат алу, ескерткіштерді анықтау мақсатында жергілікті тұрғындардан мәлімет жинақтау.

Ғұрыптық орындардың (ата-бабалар қорымы, әулие орындар: үңгір, тау, ағаш және т.б.) сакральді кеңістігінің пайда болуы және дамуына қатысты материалдарды жинақтау мен зерттеуде жүйелі және тарихи әдістемелер қолданылады. Тарихи әдістемелер ғұрыптық орындарды тарихи-археологиялық кешен және діни-мифологиялық наным-сенім тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік берсе, ал жүйелі зерттеу әдістемесі сакральді кеңістіктің қалыптасуын және құрылымын анықтауға септігін тигізеді. Бұл екі әдістеме арқылы белгілі бір ескерткіштің тарихын, әдет-ғұрпын және көп қабатты қатпарларын анықтауға мүмкіндік аламыз.

Материал сипаттамасы

Шағатай ұлысы қазақ жерінің Шу-Талас бойы, Іле Алатауы, Жетісу аймақтарын қамтығаны белгілі. Бұл аймақтарда басқа өңірдегі Алтын Орда ескерткіштерімен салыстырғанда шағатайлық кесене, мазарлар өте аз кездеседі. Қазақстан аумағында шағатайлық ретінде Тараз қаласындағы Дәуітбек кесенесі және қала маңында бой көтерген Тектұрмас кесенесін айтуға болады. Шағатайлық ескерткіштердің арасында ең танымалы ортағасырлық Алмалық (ҚХР) қаласы маңында сақталған Тұғылық Темір кесенесі және Қырғызстан жеріндегі Манас күмбезі ([Бернштам](#) 1950; [Бернштам](#) 1946). Тұғылық Темір кесенесінің кескінін алғаш болып қағазға түсірген Н. Пантусов ([Пантусов](#) 1910).

Шағатай ескерткіштері Қазақстан археологиясында өте аз зерттелген. Әсіресе Іле Алатауы бойында шағатайлық кезеңнің ескерткіштері туралы зерттеулер жоққа тән деуге болады. Шағатай ескерткіштері ретінде Тараз қаласын және оның аумағында орын тепкен кесенелерді, сонымен бірге Жетісу бойындағы Қойлық қаласын айтуға болады ([Сенигова](#) 1972; [Байпаков](#), Воякин 2007). Сонымен қатар бұл кезеңнің өзіндік жәдігерлері қайрақ тастар болып табылады ([Джумагулов](#) 1987).

Дәуітбек кесенесі. XIII ғ. Қарахан кесенесінің жанында орналасқан. Кесене 1906 жылы қайта тұрғызылған. Т.Н. Сенигова жергілікті тұрғындардың арасында бұл ескерткіш Дуа хан кесенесі атымен сақталған деп жазады ([Сенигова](#) 1972: 200). Қабіртастағы жазуды В.В. Бартольд «Ұлық-Білге-Ықпал-хан-Дәуід-бек» деп оқыған ([Бартольд](#) 1966: 307). Бұдан басқа, Дәуітбектің 1262 жылы наурыз айында қайтыс болғандығы, әрі онда «қалам мен қылыштың иесі», «ислам мен мүмін жандардың қорғаушысы» деген мадақ сөздер жазылған ([Бартольд](#) 1966: 307). В.В. Бартольдтың сипаттауынша Дәуітбек кесенесінің бұрынғы түрі мүлдем басқаша. Дәуітбек кесенесінің төл нұсқасы жартылай иілген төрт арканың үстінен көтерілген күмбез түрінде болған. Бұл аркалардың төменгі жақтары табиғи плита тастан қаланған, биіктігі 50 см болатын текше іргетасының үстінде орналастырылған. Сырт қарағанда кесене жан-жағынан (төрт жағынан) ашық, ортасындағы қабіртасы көрініп тұратын ескерткіш түрінде келген.

Тектұрмас кесенесі. XIV-XV ғғ. Талас өзенінің оң жағалауында орын тепкен. Кесененің түп нұсқасы тек XIX ғасырда түсірілген сурет арқылы бізге жеткен. Т.Н. Сенигованың

сипаттауынша Тектұрмас кесенесінің есігі батыста, Таразға бағытталған, шығысқа тек қасбеті (фасад) қаратылған. Әрі, XIX ғ. кесененің солтүстік қабырғасына күмбезді ғимарат қосақталған (Сенигова 1972: 200). Суретіне қарағанда Тектұрмас кесенесінің сәулеті күрделі, өзіндік ерекшелігі бар құрылыс түріне жатады. Іргетасы табиғи тастардан көтерілген.


Ортағасырлық Тараз қаласында бүгінгі күнге жетпеген басқа да мазарлар болған. Оны осы қала аумағында жүргізілген қазба жұмыстары дәлелдейді. Осындай мазарлардың бірі қаладағы еткомбинатының аумағынан белгіленген. Бұл мазардан сәндеуге арналған бір оюлы терракота бөлігі ғана жетті. М.Е. Массон осы плитаны зерттей келе, мазар XV ғасырда салынған болуы керек деген болжам жасаған (Сенигова 1972: 200).

Егер далалық тәжірибемізге сүйенетін болсақ Алтын Орда құрамына енген қазақ даласының әрбір далалы аймағында жекелеген, кей жерлерде топтала кесене, мазарлар бой көтереді. Бұл мемлекет құрамындағы аймақтарды, әрі сол аймақтардың билеуші Шыңғыс әулетінің мекендеген жерлері екенін дәлелдейді. Әр рудың басында билікте отырған Шыңғыс хан ұрпақтары уақыт өте келе өзіне қарасты аймақтарда заманауи құрылыстар тұрғызды. Осы себепті де Еділ мен Ертіс аралығындағы қазақ даласында Жошы Ұлысы кезеңінің тарихи ескерткіштері көптеп кездеседі. Бұл ескерткіштердің негізгі дені кесене, мазарлар болып табылады. Нәтижесінде бұл құрылыстар далаға жаңаша серпін әкеледі.

Шағатай әулеті де бұл үрдістен тыс қалмауы керек. Бұл қағида бойынша ұлыс аумағында, бір жағы оның ішкі әкімшілдік-территориялық бірліктерін білдіретін кесене, мазарлар бой көтеруі тиіс. Бұл аймақтарда бүгінге сақталып жеткен кесене жөнінде тек Манас күмбезін және ҚХР территориясындағы Тұғылық Темір кесенесін айтуға болады. Манас күмбезі Қырғызстан аумағында, Тараз қаласынан жоғары Талас өзенінің бойында орналасқан (Бернштам 1946: 3).

Нәтижелер

Дегенмен Қазақстан жеріндегі Шағатай аймағында даладан табылмаса да, XX ғ. бас кезіне дейін жеткен ортағасырлық кейбір кесенелердің фотолары және қолдан салынған суреттері кітап беттерінде кездесіп қалады. Соның бірі Кастаньенің еңбегінде жарияланған – Қисық мола. Кітапта Суықтөбе тауының етегінде Қисық мола жайлы жазылып, әрі суреті беріледі (1-сур.). Онда: «Такой же громадный портал, составляющий главное архитектурное украшение некоторых памятников, встречается так же в Верненском уезде в могилах Безмайнакского плато в уроч. Суок-Тюбе-Кейсык-Мола» деп сипатталады (Кастанье 1911: 63). Бұл жер атаулары Алматы облысының Жамбыл ауданы жерінде ұшырасады. Суықтөбе тауы, оның етегінде Бесмойнақ ауылы орналасқан. Тек суретте бейнеленген порталды кесене және оның төңірегіндегі қазақ мазарлары бүгінде сақталмаған.



1-сур. Қисық мола (Гинс 1913 бойынша)

Fig. 1. Kysuk mula (after Ginz 1913)

Суреттегі сипатына қарағанда Қисық мола күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Порталды-күмбезді ескерткіш түріне жатады. Порталының төбе жағы бұзылған. Соның өзінде порталдың сақталған биіктігі күмбезбен деңгейлес. Порталы кесене қабырғасынан бөлектене шығарылған. Кіріс есіктің маңайы тереңдей енген үшкіл аркамен айқындалған. Үшкіл арка «П» әрпі тәріздес тікбұрышты жақтаумен қоршалған. Порталдың сыртқы бұрыштары алдыға шығыңқы келген колоннамен өрілгені байқалады. Колонна сол жақ бұрышында айқын көрініс тапқан. Суретте күмбез бен күмбез асты барабаны біртұтас берілген. Әдетте барабан күмбезден бөлектеніп тұрады. Сірә, сурет салу кезінде дұрыс берілмеген. Барабанның артқы жағында «тіреу» тәріздес кірпіш қаландысы байқалады. Бұл «тіреудің» функциясы түсініксіздеу. Оны күмбез салмағынан барабан жарылуы себепті қосымша тіреу ретінде салуы мүмкін. Немесе барабан бастапқыда көпқырлы (жұлдызша) түрінде орындалып, содан қалған бөліктері болуы тиіс. Күмбез төбесінде қада (айшық) байқалады. Қасында тұрған адам кесіміне қарағанда кесене биіктігін шамамен 6–7 м деп болжауға болады.

Егер Суықтөбенің кесене артында көрініп тұрғанын ескерсек, Қисық моланың қасбеті солтүстікке қаратылған. Бұл жерде негізгі маңызды жердің рельефі атқарып тұр. Кесененің артын ала шикі кесектен тұрғызылған порталды-күмбезді (порталдары күмбезден аласа) екі мазар және одан әрірек куб үстіндегі күмбезді мазар суреттелген. Бұл шикі кесектен тұрғызылған мазарлар ХІХ ғ. жерлеу құрылыстары болып табылады.

Таушелек кесенесі. Таушелек кесенесі Г.К. Гинстің «Жетісу сапары очеркінде» көрініс тапқан (Гинс 1913: 317). Г.К. Гинс кесенені Шелек болысында ұшыратып, суретке түсіріп алған. Кітапта жай ғана Шелек болысындағы «мола» деп беріледі (2-сур.).



2-сур. Таушелек кесенесі (Кастанье 1911 бойынша)
Fig. 2. Mausoleum of Taushelek (after Castagne 1911).

Осылайша Г. Гинс «қазақ моласын» түсірем деп ғылым үшін маңызды ортағасырлық кесенені тарихта қалдырғанын аңдамаған. «Шелек болысы» деп қазан төңкерісіне дейін өзеннің жоғары және орта ағысы, яғни Таушелекті айтқан. Суреттен кесене жазық жерде тұрғаны байқалады. Соған қарағанда бұл кесене Таушелектің бірінші жазыққа шығатын жері, Торайғыр тауы мен Шарын өзенінің аралығындағы Ағанас жазығында орналасқан болуы тиіс.

Таушелек кесенесі де порталды-күмбезді ескерткіш түріне жатады. Күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Қисық моламен салыстырғанда порталы аласа, күмбезден төмен орналасқан. Дегенмен өзара үндестігі бар. Таушелек кесенесінде де портал өз алдына жеке архитектуралық шешім ретінде орындалған. Яғни, қабырғадан бөлектеніп, екі жанына ұлғайтылған. Егер салыстырмалы түрде алатын болсақ Сарыарқа даласындағы Алтын Орда кесенелерінде портал бөлектенбей, екі бүйіріндегі қабырғамен бірігіп біртұтас қабырғаны құрайды.

Порталдың екі бұрышында шығыңқы колонналар қаланған. Өз кезегінде колонналардың жоғарғы бөлігі порталға «құлақша» сипат беріп тұр. Кірер есіктің маңайы ішкерек енген үшкіл аркамен айқындалған (Қисық моламен салыстырғанда арка қуысы терең емес). Үшкіл арка «П» әрпі тәріздес тікбұрышты жақтаумен қоршалған. Порталдың қалыңдығы жанында 2 м жуық (немесе одан көп). Орта және жоғарғы тұсында ұзынша және төрт бұрышты қуыстар байқалады. Порталдың жаны жоғарғы жағында біртіндеп сатыланып, жіңішкеріп аяқталады. Суретке қарағанда кесененің артқы фасады күрделі конструкцияға ие. Өйткені артқы бұрышы бүйір қабырғадан шығыңқы орналасқан. Бүйір қабырғалары тек портал мен артқы құрылыстың арасын жалғап тұрғандай әсер қалдырады.

Кесене барабаны биік (2 м жуық), әрі көлемді келген. Қисық мола кесенесіндегідей барабанның артқы жағынан «тіреуше» байқалады. Дегенмен барабанның жоғарғы

бөлігінің цилиндрлі түрде орындалғаны анық байқалады. Соған қарағанда цилиндрдің сыртын айналдыра қосымша «жалған» жұлдызшалар қалаған секілді. Күмбезі үшкіл келген. Қисық моладағыдай күмбездің салмағы барабанды жарып жібермеуі үшін, қосымша тіреу ретінде «жалған» жұлдызшалар салуы да мүмкін. Сол себепті барабанның негізгі құрылысы цилиндрлі болғанымен, «көпқырлы» (жұлдызшалы) түрге де жатқызуға болады.

Кесене жанында тұрған адамның пішініне қарағанда, биіктігі 7–8 м болады. Есігі, түсіп тұрған көлеңкеге қарағанда (Қисық мола секілді) солтүстікке қаратылған.

Осы тұста кесененің көзге көрінбейтін құрылыс ерекшеліктеріне тоқтала кетсек. Әрине қолымызда бұл кесенелердің сызбасы жоқ. Дегенмен кесенелердің сыртқы пішініне қарап келесідей болжамдар айтуға болады. Барабанның биіктігі кесенелердің қос күмбезді екенін көрсетеді. Яғни, ішкі және сыртқы күмбездерден тұрады. Қабырғадан барабанға өту төрт бұрышында парустар арқылы орындалғаны анық. Кесене бұрыштарының XX ғ. басына дейін бүтін сақталуы, осы парустардың салынғанын (сапалы қаланғанын) дәлелдейді.

Талқылау

Екі кесене сәулеті жағынан өзара үндесе отырып, өлкенің ортағасырлық сәулет өнерінен хабардар етеді. Архитектуралық бітімдеріне Тұғылық Темір кесенесі тікелей әсер еткен.

Шағатайлық қос кесененің өзіндік ерекшеліктері. Біріншіден, бұрыштарында шығыңқы (үште-төрт) колонналары бар жеке шығарылған портал. Екіншіден, көлемді барабан (цилиндрлі немесе көпқырлы). Үшіншіден, аласа келген үшкіл күмбез. Дәл осы ерекшеліктер Сарыарқа даласындағы Алтын Ордалық кесенелерде керісінше орындалады. Онда портал кесене қабырғасынан бөлектенбейді. Барабан аласа болса, ал күмбезі биік, әрі шатырлы түрге жатады.

Осы тұста «егер көне кесенелер болса, онда неге белгісіз болып келді?», «Неге зерттеушілер, саяхатшылар назар аудармады?» деген заңды сұрақ туындауы мүмкін. Өйткені бұл өңірде Ш.Ш. Уәлиханов, В.А. Радлов, Н.Н. Пантусов және т. б. ірі зерттеушілер, ғалымдар жұмыстар атқарды.

Жалпы Қисық мола мен Таушелек кесенелерінің назардан тыс қалуы үлкен жолдан тыс орналасуында. Екі кесене де керуен жолынан және ішкі қатынас жолдарынан сыртқары тұр. Қисық моланың Суықтөбенің батыс жақ бөлігіне таман орналасқан. Бұл жерден тек жайлауға көтерілетін көш жолы ғана өтеді. Ал үлкен жол (белгілі Жеті жол сүрлеуі) Суықтөбенің шығыс жағын ала өтіп жатыр. Таушелек кесенесі де осы негіздес. Таушелекке немесе Үш Меркі баратын негізгі жолдар Торайғырдың шығыс етегі Аласа асуы (Сөгеті-Көкпекті-Аласа) арқылы немесе Асы жолы (Асы-Далашық-Қылышбай) арқылы өтеді. Яғни, бұл кесенелер жолдан алыс, белгілі бір шаруашылық аймақтың қыстаулы (немесе күзеу) жерлерінде орын тепкен.

Назар аударарлық жағдай шағатайлық кесенелер өлкенің дәстүрлі жерлеу құрылыстарында кейбір элементтерінде болмаса, түбегейлі өзгеріс енгізе алмаған. Егер салыстырмалы түрде алатын болсақ Ұлытау, Торғай өңірлерінде Алтын Орда кесенелері шешуші рөл атқарып, XIX ғасырда Ұлытау-Торғай ренессансы орын алады. Бұл өлкелерде

күйдірілген кірпіштен порталды-күмбезді мазарлар тұрғызу белең алып, алтынордалық архитектура өзінің қайта өрлеу дәуірін бастан кешеді. Іле Алатауы бойын алатын болсақ бұндай жаппай үрдіс қарқын алмаған. Шағатайлық кесенелердің тек өзінің тұрған жерінің маңайында белгілі бір радиуста ғана әсері болған. Іле Алатауы бойында жерлеу құрылысында басты рөлді көпқырлы (алтырлы, сегізқырлы) күмбезді зираттары иеленеді. Әрі Іле Алатауының күмбезді зираттары барлығы дерлік шикі кесектен тұрғызылған. Экспедиция барысында кездестіргеніміз Жетісу өлкесінде қытай кірпішінен салынған XX ғ. бас кезінде салынған бір ғана күмбез. Ол Өсек өзенінің бойында тұрған суан руынан шыққан Әлжанқұлдың зираты (3-сур.). Оның өзінде көкшіл кірпішпен ішін және сыртын қаптап шыққан. Ортасы шикі кесектен қаланған.



3-сур. Әлжанқұл зираты. Фото: О. Ошанов
Fig. 3. Alzhankul Cemetery. Photo by O. Oshanov.

Шағатайлық кесенелердің өлкедегі қазақ зираттарына әсері ретінде кейбір көпқырлы күмбездерде порталдың болуы, порталдың екі шетінде колонналардың орын алуы және қабырғаларға өрнектер салуынан аңғаруға болады (4-сур.). Күмбезге келетін болсақ, көпқырлы ағаш құрылыстарда о бастан шатырлап жабу орын алғанына еш күмән жоқ.



4-сур. Ақтас ауылы зираты (XIX–XX ғғ.). Фото: О. Ошанов.

Fig. 4. Cemetery of Aktas Village (19th–20th centuries). Photo by O. Oshanov.

Іле Алатауының күмбездерінің көп қырлы келуі өзінің генезисі ағаш екенін көрсетеді. Жалпы көпқырлы зират тұрғызу Қазақстан жағдайында орманды өлкелерге тән. Солтүстік, шығыс өңірлер де зираттың осы көпқырлы түрі дамыған. Әрине қазақтардың зират құрылыстары жайлы жазғанда Шоқанға тоқталмай кету мүмкін емес. Оның үстіне Ұлы жүздің көне зираттары жөнінде ғалымның еңбегінде өте құнды мәліметтер қарастырылған.

Жамбыл ауданы жерінде жиі ұшырасатын жерлеу түрінің бірі – пішіні төртбұрышты келген, әулеттік үлкен қоршаулар. Уақытында қоршаудың шикі кесектен тұрғызылған биік қабырға болғаны байқалады. Қоршау ішінде қабір үйінділері орналасады. Ш. Уәлиханов бұл жерлеу түрі туралы: «Вообще могила эта составляет квадрат, стороны которого равняются сажням тридцати, высота аршин в шесть или семь, а толщина стенки вершков восемь, но некоторые из них так обширны, что в них может укрываться от нападения человек до ста» деп жазады (Валиханов 1984: 190-191). Ш. Уәлиханов бұл құрылысты Ташкент жақтың әсері деп бағалайды.

Архитектуралық сипаты бар түрлеріне келетін болсақ, XIX ғ. өлкеде күмбезді келген төрт бұрышты және алты бұрышты (кейде сегіз, жеті) күмбезді мазарларды айтуға болады. Күмбезді төртбұрышты (куб үстіндегі күмбез) мазар түрінің ең көп тараған аймағы Жамбыл ауданы екені байқалады. Сонымен бірге бұл құрылыстың порталды түрлері де кездеседі. Мазардың көпқырлы (немесе көп бұрышты) түрінің кең тараған аймағы Кеген, Райымбек аудандары аймағы. Ш. Уәлиханов Талғар өзенінде, Қашғарға баратын керуен жолы бойында орналасқан Құлан ханның моласын сипаттайды. Ол: «Эта могила состоит из двух частей: ограды и самой гробницы. Ограда имеет вид кургана с башенками на углах и с простым украшением над дверьми. Гробница стоит внутри ограды и имеет вид купола на кубическом пьедестале. Эта могила так обширна, что в ней могла бы поместиться вся ханская фамилия» деп сипаттайды (Валиханов 1984: 191).

Іле Алатауы тауларында орман ағашы (әсіресе қарағайлар) көп өсетіндіктен, құрылыс материалы ретінде кең қолданысқа ие болған. Бұл өлкелерде жерлеу құрылысында көпқырлы тәсілдің кең қанат жаюы, ерте заманнан ағаштың негізгі құрылыс материалы болғанын дәлелдейді. Ағаштан төрт бұрышты зират салу, оның тез құлауына алып келеді. Ал алты қырлы немесе одан да көп қырлы құрылыстар өзінің беріктігімен ерекшеленеді. Ерте заманнан дамыған осы құрылыс түрі дәстүрге айналып, кейін шикі кесектен зират тұрғызу кезінде өзінің қалпын жоғалтпайды. Ағаштан құрылыс тұрғызу бұл өлкелерде әлі де ескі зираттар арасында кездеседі.

Іле Алатау бойындағы қазақ зираттары өзінің алуан түрлілігімен көзге түседі. Бұл өлкеде дәстүрлі төртқұлақ, күмбезді, порталды күмбезді, көп қырлы және сұпы пішіндес, оба пішіндес қабір үсті құрылыстарын кездестіруге болады. Құрылыс материалы ретінде шикі кесек, ағаш пайдаланылған. Мүмкін сұпы секілді сатылы келетін қабір үсті құрылысына Тұғылық Темірдің кесенесінің ішінде орын алған саркофагтың да әсері болуы мүмкін.

Қорытынды

Іле Алатауы қашанда өзінің археологиялық ескерткіштерінің бірегейлігімен ерекшеленеді. Сақ кезеңінің патша қорғандары өлкенің ертеден билеуші әулеттердің мекені болғанын дәлелдейді. Шағатайлық кесенелердің анықталуы Іле Алатауының «Хан қорығы» ретіндегі маңызын жоймай, ортағасырларда да одан әрі жалғасқанын дәлелдемек.

Шағатайлық екі кесененің өлке тарихы, ортағасырлық сәулет өнерін зерттеуде қосар үлесі өте зор. Әрі бұған дейін белгісіз болып келген Іле Алатауының ортағасырлық тарихының белгісіз қырларын ашады. Қазақ жерінің маңызы тек Алтын Орда ғана емес, Шағатайлық тарих, оның тарихи ескерткіштеріндегі сәулет өнері секілді мұраларымен одан әрі байыта түседі. Бұл кесенелер өлкеде басқа да өзі тұрғылас құрылыстардың болу мүмкіндігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда алдағы жұмыстар осы екі шағатайлық кесененің тұрған жерлерін анықтауды қажет етеді. Олардың орнында қазба жұмыстарын жүргізу нақтылы тұжырымдар жасауға және көзіміз жетпеген басқада тарих сырларын ашатыны анық.

Acknowledgments

We would like to express our deep gratitude to the editor of the journal and the reviewers for their great support in publishing our scientific article.

Алғыс

Біздің ғылыми мақаламыздың жариялануына үлкен қолдау көрсеткені үшін журналдың редакторына және рецензенттерге алғысымызды білдіреміз.

Благодарности

Выражаем огромную благодарность редактору журнала и рецензентам за их большую поддержку в публикации нашей научной статьи.

Әдебиеттер тізімі

- Байпаков К., Воякин Д. *Средневековый город Каялык*: на казахском, русском и английском языках. Алматы. 2007. 224 с.
- Бартольд В. О двух арабских надписях Аулиятинского уезда. *Сочинения. Работы по археологии, нумизматике, эпиграфике и этнографии*. Москва: Наука. 1966. Т.IV. С.307-308.
- Бернштам А. *Архитектурные памятники Киргизии*. Москва-Ленинград: Изд. АН СССР. 1950. 148 с.
- Бернштам А. *Мазар Манаса*. Фрунзе: КирГосИздат. 1946. 95 с.
- Валиханов Ч. *О киргиз-кайсацких могилах (молах) и древностях вообще*. Собрание сочинений в пяти томах. Т.1. Алма-Ата: Глав.ред. Казахской советской энциклопедии. 1984. 432 с.
- Гинс Г. В киргизских аулах (Очерки из поездки по Семиречью). *Исторический вестник*. 1913. No.10, с.285-332.
- Джумагулов Ч. *Эпиграфика Киргизии*. Вып.3. Фрунзе. 1987.
- Кастанье И. Надгробные сооружения киргизских степей. В: *Труды Оренбургской ученой архивной комиссии*. Вып.26. Оренбург: тип. Тург. обл. правл. 1911. 104 с.
- Пантусов Н. *Город Алмалык и Мазар-Туглук-Тимур-хана*. Кауфманский сборник (изданный в память 25 лет, истекших со дня смерти покорителя и устроителя Туркестанского края). Москва. 1910. С.161-188.
- Сенигова Т. *Средневековый Тараз*. Алматы: Наука. 1972. 219 с.

References

- Baipakov K., Voyakin D. *Srednevekovyy gorod Kayalyk*. Almaty. 2007. 224 p. (in Kazakh, English, Russian).
- Bartold V. O dvukh arabskikh nadpisyakh Auliatinskogo uyezda. *Works. Studies in Archaeology, Numismatics, Epigraphy and Ethnography*. Moscow: Nauka. 1966. Vol.IV. P.307-308 (in Russian).
- Bernshtam A. *Arhitekturnye pamyatniki Kirgizii*. Moscow-Leningrad: USSR Academy of Sciences. 1950. 148 p. (in Russian).
- Bernshtam N. *Mazar Manasa*. Frunze: Kirgosizdat Publ. 1946. 95 p. (in Russian).
- Valikhanov Ch. *O kirgiz-kaysatskikh mogilakh (molakh) i drevnostyakh voobshche*. Collected Works in 5 vol. Vol.1. Alma-Ata: Chief Editorial Office of the Kazakh Soviet Encyclopedia. 1984. 432 p. (in Russian).
- Gins G. V kirgizskikh aulakh (Ocherki iz poezdki po Semirech'ju). *Historical bulletin*. 1913. No.10, pp.285-332. (in Russian).
- Dzhumagulov Ch. *Epigrafika Kirgizii*. Is.3. Frunze. 1987. 168 p. (in Russian).
- Kastan'ye I. Nadgrobnye soorujenia kirgizskih stepei. In: *Proceedings of the Orenburg Scholarly Archival Commission*. Issue 26. Orenburg: Printing House of the Turgay Regional Administration. 1911. 104 p. (in Russian).
- Pantusov N. Gorod Almalik jane Mazar-Tugluq-Timur-hana. In: *Kaufman Collection (published in memory of the 25th anniversary of the death of the conqueror and organizer of the Turkistan Region)*. Moscow. 1910. Pp.161-188 (in Russian).
- Senigova T. *Srednevekovyy Taraz*. Almaty: Nauka. 1972. 219 p. (in Russian).

Information about the author

Orynbay Zh. Oshanov – Leading Researcher, Margulan Institute of Archeology, 44 Dostyk Ave, 050000, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0002-4051-9598>, dadan_@mail.ru

Автор туралы мәліметтер

Орынбай Жанабайұлы Ошанов – аға ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Достық данғылы, 44., 050000, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0002-4051-9598>, dadan_@mail.ru

Сведения о авторе

Орынбай Жанабайұлы Ошанов – старший научный сотрудник, Институт археологии имени А.Х. Маргулана, пр. Достык, 44, 050000, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0002-4051-9598>, dadan_@mail.ru

Conflict of Interest Statement: the author declares no conflicts of interest ***Мүдделер қақтығысы туралы мәлімдеме:*** автор мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді. ***Заявление о конфликте интересов:*** автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 19.09.2025

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами / Approved by reviewers: 16.10.2025

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.12.2025